**Әдебиеттік шолу.** Психолог ғалымдардың берген анықтамасы бойынша саналы қызметтің, оны орындау процессінде жасалған автоматтандырылған компоненттері (құрамдас бөлімдері) дағды деп аталады. Дағды жаттығу үстінде қалыптасады (Жарықбаев және т.б., 2016;131). Дағды әрекеттің тез

және жеңіл өзінен-өзі болатыны сияқты, сананы онша қатыстырмай, күшті аз жұмсап орындалуымен сипатталады (Гоноболин, 1976:148). Ал тайм – менеджменттік дағды –тапсырманы орындау барысында басымдықтарды анықтау, тиімді жұмыс істеу және тиісті дәрежеде нәтижеге жету қабілеті деп анықтама берілген(Граффин Р, 2018;665).

Отандық ғалымдар (Абаева және т.б., 2014-153) зияттың зақымдану жағдайы-ол жеке тұлғаның әлеуметтік қызметтерінің мүмкіндіктерін толық қиындататын психиканың туа немесе ерте даму кезеңінде жетілмеуімен шартталған ауытқушылық болып табылады-деп анықтама береді.Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамыту оларды әлеуметтік қоғамға бейімдеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің бұл дағдыларын дамыту олардың күнделікті тапсырмаларды орындау барысында және болашақ кәсіби міндеттерін орындау қабілеттеріне әсер ететін болады. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектерге өткізілетін «кәсіби еңбекке баулу» сабақтары тәжірибелік жаттығулар арқылы тайм-менеджмент дағдыларын дамыта алатын тәжірибелік және құрылымдық ортаны ұсына алады.

Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджмент дағдыларын дамыту қазіргі таңда өте өзекті болғандығына қарамастан, осы дағдыны дамытудың тиімді әдістері туралы зерттеулер жетіспеушілігі бар. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектерге дәстүрлі білім беру оларды кездесетін когнитивті қиындықтарды шеше алмайды.Сондықтан, бұл мәселені шешу үшін қол жетімді және мазмұндық түрде тайм-менеджмент дағдыларын дамытуға ықпал ететін заманауи әдістер керек. Бұл мақаланың мақсаты зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджмент дағдыларын дамыту құралы ретінде кәсіби еңбекке баулу пәнінің әлеуметін зерттеу болып табылады. «Кәсіби еңбекке баулу» пәні аясында тапсырмаларды орындау барысында мақсат қою және уақытпен байланысты жобаларды енгізу арқылы педагогтар зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектерді қолдау және тәжірибелік контекстте тайм-менеджмент дағдыларын дамытуға мүмкіндік бере алады.

«Кәсіби еңбекке баулу» пәнінің негізігі түзете-дамытушылық мақсаты-өмірде және еңбекте қажетті білім мен дағдыларды зияты зақымдалған білім алушылардың бойына қалыптастыру. С.Я. Рубинштейннің пікірінше еңбекке тәрбиелеу жеке тұлғаның қалыптасуының маңызды факторы болып табылады. Автордың айтуынша еңбекке тәрбиелеу зияты зақымдалған балалар үшін ерік және эмоциональдық сферасының қалыптасуына алып келеді. Зияты зақымдалған оқушылар берілген тапсырманы нәтижелі атқаруы, жетістікке ұмтылуы, өзін-өзі бағалауын, жетіскке жетуге деген ынтасын оятады. Ғалымның пікірінше зияты зақымдалған оқушылар еңбек процессінде берілген тапсырманы уақытылы дұрыс орындаған кезде, өз ісіне деген қанағаттану сезімі пайда болып, өзін-өзі бағалау қасиеттері дамиды (Рубинштейн, 1986:25).

В.А. Шинкаренко пікірінше зияты зақымдалған оқушыларды кәсіби еңбекке баулу барысында еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, кәсіби


cc BY NC

еңбекке қызығушылығын арттыруда құнды қасиеттерін қалыптастыру керек (Шинкаренко, 2009:31 ). Француз психологі Р.Заззо зияты зақымдалған оқушылардың еңбек және әлеуметтік дағдысы,ең алдымен олардың өзін-өзі сақтауына байланысты деп санайды. Зияты зақымдалған балаларды оқыту кезінде айтарлықтай көмек көрсетумен, еңбекке даярлау және өздігінше еңбекке араласуы кезінде білгірлікпен ұштастырыла жүргізілу керек- деген пікір айтады (Намазбаева, 1980:18). Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектерді кәсіби еңбек арқылы өмірге дайындау белсенді құралдардың бірі болып табылады. Ал зияты зақымдалған жеткіншектердің еңбекке үйрету арқылы дағдылар мен икемдіктерін қалыптастыру, оларға кәсіби деңгейдегі мамандықты игеруге көмектеседі (Измайлова және т.б., 2012:101).

Оқушыларды күнделікті істейтін істерін қалай істеуді үйренуі, мысалы, сазбалшықтан немесе ермексаздан үй жасау арқылы бала үйді жасап қана қоймай, оның қалай жасалатынын біледі, дүние танымы кеңейеді. Өз қолымен жасаған бұйымының нәтижесін көріп, сезініп, мақтаныш сезімі пайда болады, бұл олардың жан-жақты дамуына жол ашады. Зияты зақымдалған оқушыларды еңбекке даярлаудың жүйесін қалыптастыруда Граборов А.Н, С.Ш. Айтметова С.Ш, Бондарь В.И, Дульнев Г.М, Ковалева Е.А, Мирский С.Л, Павлов Н.П, Пинский Б.И, Турчанская К.М. еңбек сіңірген (Макина және т.б., 2012:103 ).

Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектерді кәсіби еңбекке тәрбиелеу олардың өмірге деген құлшынысын, адамгершілік қасиеттерін, қоғамдық құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі. Кәсіби еңбекке тәрбиелеу олардың болашақта қажетті еңбек әрекетіне қатысуын қамтамасыз етеді, еңбек етуге құрметпен қарауға, этикалық және эстетикалық ләззат алуға үйретеді. Еңбекке тәрбиелеу түзетудің , дамытудың басты негізгі фактісі болып табылады және бұл балалардың жан-жақты үйлесімді дамуына үлкен үлес қосады (Қошжанова, 2017:141 ).

Отандық ғалымдар Ғ.Ә Абаева, Ә.Ы. Ермағанбеттің пікірінше елімізде арнайы мектептердң кәсіби бағдарлауды ұйымдастыру мен жағдайын арнайы зерттеу мәселесі оқушыларды кәсіптік еңбекке дайындаудың жалпы жүйесінде едәуір орын алатындығын көрсетеді. Еліміздегі көптеген мектептерде кәсіптік бағдарлау жұмысы ғылыми негізделген (Абаева және т.б., 2015:5). Жоғарыда көрсетілген әдебиеттерге шолу нәтижесінде зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің өмірлік дағдыларын дамытуда кәсіби еңбекке баулудың маңыздылығы ғылыми тұрғыда расталды. Осыған байланысты, зерттеуімізде «Кәсіби еңбекке баулу» пәні аясында тайм-менеджменттік дағдыларды мақсатты түрде дамыту зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің әлеуметтік дағдыларын дамытудың тиімді жолы ретінде қарастыратын боламыз.

**Материалдар мен әдістер.** Қойылған міндеттерді орындап, көзделген мақсаттарға қол жеткізу үшін ғылыми зерттеудің келесі зерттеу әдістері қолданылды:теориялық зерттеу, салыстыру, саралау, бақылау, ғылыми-әдістемелік жарияланымдарды теориялық талдау және жалпылау әдістері қолданылды.

CC BY NC

Зерттеу мәселесіне байланысты ғылыми -тәжірибелік қызығушылықты жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 7-9 (10) сыныптар үшін «Кәсіби еңбекке баулу» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы тудырды (*https://special-edu.kz/kz/news/88/single/133,2016:3*). Арнайы мектептің 7-9 (10) сыныптарында «Кәсіби еңбекке баулу» пәнін оқытудың мақсаты - білім негіздерін қалыптастыру, білім алушылардың оқу-еңбек іс-әрекетін дамыту мүмкіндіктерін жүзеге асыру, оларды бастапқы кәсіби дағдыларды игеруге даярлау, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында оқытуға немесе олардың қызығушылықтары мен психикалық және дене мүмкіндіктерін ескеріп, өз бетімен еңбек етуге даярлау. Жоғарыда көрсетілген мақсатты жүзеге асыру үшін бағдарламаның негізгі міндеттері:

- еңбек іс-әрекетінің мотивация деңгейін арттыру және еңбекке қажетті тұлғаның қасиеттерін қалыптастыру;
- еңбекке деген әдеттерді және еңбекке төзімділікті қалыптастыру;
- оқытылатын технологиялық операцияларын практикалық тұрғыда меңгеру үшін қажетті білімді қалыптастыру;
- тапсырмада бағдарлану мен оны орындауды жоспарлау және жұмыс нәтижесін бақылау біліктілігін арттыру;
- өзін-өзі кәсіби анықтауын қамтамасыз ету;

Жалпы біздің зерттеуіміз барысында зияты жеңіл зақымдалған 8-9 сынып оқушыларының тайм-менеджменттік дағдыларын дамыту жоғары да аталып кеткен «Кәсіби еңбекке баулу» пәні негізінде жүзеге асыру мүмкіндіктері айқын көрінеді. Себебі зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің басым көпшілігі 9 сыныпты аяқтап, кәсіби орта білім беретін мекемелерде кәсіби мамандықтар бойынша білім алуын жалғастырады. Арнайы білім беретін мектептерде 8-9 сыныптарда кәсіби еңбекке баулу пәніне басқа пәндерге қарағанда сағат саны 8 сыныптарда аптасына -8 сағат, жылына-272 сағат бөлінсе, 9 сыныптарда аптасына-9 сағат, жылына-306 сағат бөлініп, кәсіби бағдар жұмыстары жүргізіледі. Біз зерттеу жұмысын жүргізген мектеп-интернаттарда 8-9 сынып оқушылары кәсіби еңбекке баулу пәні бойынша үш кәсіби бағдарлау топтарына бөлініп білім алады. Олар тігін ісі, ауылшаршаушылығы еңбегі, және ағаш өңдеу ісі бойынша кәсіби бағдарлау жұмыстары жүргізіледі.

Жалпы кәсіби еңбекке баулу пәні бағдарламасы мазмұны аясында ұсынған тақырыптарымыз зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің осы пән аясында тайм-менеджменттік дағдыларының дамуына қосымша негіз болады. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектерді кәсіби еңбекке баулу пәні бағдарламасы мазмұнын тереңдете отырып, өзіндік жұмыстар жүргізу олардың бойында тайм-менеджменттік дағдылардың дамуына және толыққанды жүйелі білім алуларына негіз береді. Мұны біз зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектермен сабақ барысында өткізген өзіндік жұмыстардың мазмұны дәлелдейді. Әдістің тиімділгін анықтау мақсатында 1-кесте де көрсетілгендей оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес белгіленген талаптар бойынша өзіндік жұмыстар ұйымдстырылды.

Кесте 1. «Кәсіби еңбекке баулу» пәні аясында тайм-менеджмент дағдысын дамытуға арналған өзіндік жұмыстың сабақ үлгісі.

| **8 -9 сынып «Тігін ісі» тобы** | **8-9 сынып «Ауылдық еңбек » тобы** |
|---|---|
| **Өзіндік жұмыстың тақырыбы:** «Матаға түйме қадау» | **Өзіндік жұмыстың тақырыбы:**<br>« Көкөністерді жинау» |
| **Өзіндік жұмыстың мақсаты;** Қарапайым тігін жұмыстары арқылы олардың ұсақ қол моторикасы мен қол мен көздің үйлестіруді дамыта отырып, тапсырманы орындау кестесін құру және орындау арқылы тайм-менеджменттік дағдыларын дамыту.<br>**Негізгі тігін құралдары:**<br>- ине,<br>-жіп,<br>-мата бөлшектері,<br>-қайшы ,<br>-түйме қадау үлгілері көрсетілген сурет.<br>-таймер немесе сағат | **Өзіндік жұмыстың мақсаты;**<br>Білім алушыларға көкөністерді жинау әдістерін үйрету барысында ұсақ моторикасы отырып , таймерлер арқылы тайм-менеджменттік дағдыларын дамыту.<br>**Қажетті құрал-жабдықтар:**<br>-көкөніс жинауға қажетті себеттер мен жәшіктер.<br>–жинауға арналған қолғаптар.<br>-Қайшылар.<br>-Көкөністер ( қызанақ, сәбіз, қызылша т.б) .<br>-таймер немесе сағат |
| **Ұйымдастыру кезеңі (5 минут).**<br>- Оқушылармен сәлемдесу<br>- Өзіндік жұмыстың мақсатын таныстыру.<br>- Қажетті құралдарды тарату. | **Ұйымдастыру кезеңі (5 минут).**<br>- Оқушылармен сәлемдесу<br>- Өзіндік жұмыстың мақсатын таныстыру.<br>Қажетті құралдарды тарату. |
| **Кіріспе бөлім (10 минут)**<br>- Түймені қадаудың маңыздылығы туралы әңгімелеу.<br>- Түйме түрлері және олардың қолданылуы.<br>- Түйме қадау техникасының қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. | **Кіріспе бөлім (10 минут)**<br>-Көкөністерді жинаудың маңыздылығы, адам денсаулығына пайдасы туралы әңгімелесу.<br>-Көкөніс түрлерімен таныстыру, олардың пісу белгілерін сипаттау.<br>-Көкөніс жинау кезіндегі техникалық қауіпсіздік ережелері. |
| **Негізгі бөлім ( 10 минут)**<br>- Педагог түймені қадау үлгісін толық білім алушыларға көрсетеді. Білім алушыларға түймені қадауға арналған үлгілерді беріп, таймер (дабыл) қою арқылы уақытты басқаруды тәжірибелік тұрғыдан көрсетеді.<br>- Білім алушыларға әртүрлі маталар мен түймелерді таратып береді.<br>- Берілген тапсырмаларды оқушылар таймер орнату арқылы уақытты басқара отырып орындайды.<br>**Тәжірибелік жұмыс барысы (15 минут);**<br>1. Жіпті инеге өткізу, түйін байлау (**3минут).**<br>2. Түймені матаға қою және инені матаға өткізу **(4 минут).**<br>3. Түймені матаға қадау. Түйменің орнықты болуын қамтамасыз ету үшін бірнеше рет қайталап қадау**(6 минут).**<br>4. Жіпті түйіндеп кесу **(2 минут).** | **Негізгі бөлім ( 10 минут)**<br>-Педагог білім алушыларға көкөністі дұрыс жинау үлгісін көрсетеді.<br>- білім алушыларға көкөністерді жинау үшін белгіленген аумақ пен құралдар таратады.<br>- Тапсырманы орындауға арналған таймер қою.<br>- оқушылардың көкөністерді белгіленген уақыт ішінде жинауын бақылау және көмектесу **Тәжірибелік жұмыс барысы (15 минут);**<br>1. Қолғаптарды кию, құралды дайындау **(2минут).**<br>2. Көкөністі таңдау және жинау **(10 минут).**<br>3. Көкөністі себетке немесе жәшікке салу **(3 минут).** |
| **Қорытынды (10 минут)**<br>**-**Оқушылардың жұмыстарын тексеру, мадақтау.<br>-Оқушылардың сұрақтарына жауап беру.<br>-Сабақ туралы ой-пікірлерін сұрау.<br>-Түйме қадау барысында кездескен қиындықтар мен жетістіктерді талқылау. | **Қорытынды (10 минут)**<br>-Оқушылардың жұмыстарын тексеру, мадақтау.<br>-Көкөністерді жинау барысындағы қиындықтар мен жетістіктерді талқылау.<br>-Көкөніс жинау барысында тайм-менеджмент әдістерін талқылау. |

Өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру барысындағы төмендегі қағидалар ұстанылды:

- өткізілетін сабақтың мақсаттары мен белгіленетін уақыт шегін анықтау қойып, сабақ барысында оқушыларға уақытты тиімді пайдалану үшін таймердің қажеттілігін түсіндіру.

- Өзіндік жұмыстар барысында қажетті құрал-саймандарды дайындап қою, бұл уақытты үнемдеуге көмектеседі.

- Тапсырманы орындау барысында қауіпсіздік ережелерін алдын-ала түсіндіру, күтпеген оқыс жағдайлардан аулақ болуға мүмкіндік береді.

- Берілетін әрбір тапсырманы кезектілігімен оқушыларға орындату, жұмыс барысын дұрыс басқаруға мүмкіндік береді.

- Әрбір тапсырманы орындауға бекітілген таймерді уақытылы орнату , уақытты тиімді пайдалану үшін маңызды.

- Өзіндік жұмыстың соңында оқушылардың жұмыс барысында кеткен қателіктері мен жетістіктерін талдау, тайм-менеджменттік дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

- Тапсырмам аяқталған соң оқушыларға өзіндік жұмыс сапасын өздеріне бағалату, оларды жауапкершілікке үйретеді.

Жоғары үлгісі берілген өзіндік жұмысты өткізу барысында біз зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тапсырманы орындау барысында белгілі бір уақытты белгілеу арқылы әрбір тапсырманың қанша уақытқа созылатынын түсінді. Тапсырма уақыт туралы түсінікті, болжамды қамтамасыз ету арқылы орындалып, алаңдаушылықты азайтуға көмектесті. Әрбір тапсырма үшін таймерді пайдалану қажетті уақыт пен тайм-менеджменттік дағдыларды дамыту үшін өте маңызды болып табылады. Тапсырмаға берілген мерзімде әр тапсырма қадамын аяқтау арқылы өз уақыттарын басқаруға машықтана отырып, тәжірибелік тұрғыдан өзін-өзі басқару мен тапсырманы нәтижелі орындауды үйрену үшін қажетті дағдылар болып табылады. Тапсырманы орындау кезінде уақытты басқаруда таймер оқушы артта қалған жағдайда дереу кері байланыс беру арқылы белгіленген уақыттан қалып бара жатқандығын еске түсіре отырып, тиімді әрі жылдам жұмыс істеуге ынталандырады.

Педагог маманның белгіленген уақыт ішінде тапсырманы орындау уақытын белгілеуі, таймерді қолдануды үйретуі, тапсырманы тәжірибелік тұрғыдан орындау уақытты дұрыс басқаруға үйренуге бағыттайды. Оқушылар сабақ барысында тапсырманы бөліктерге бөлу арқылы орындап, тапсырманың әрбір бөлігіне уақытты қалай бөлу керектігі туралы түсініктері қалыптасты. Сабақ қорытындысында өзіндік жұмысқа қатысушылар өздерінің уақытты дұрыс басқару қабілеттерін көрсете отырып, өзіне қиындық тудырған тапсырманы рефлексия арқылы талқылайды , бұл рефлексия өздерінің күшті жақтары мен жақсарту бағыттарын анықтауға көмектесті. Өзіндік жұмыс жоспары педагог әр оқушыға өз уақытын тиімді пайдалануын қамтамасыз ете отырып, үнемі жеке қолдау көрсетті. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектер үшін ересектер тарапынан қолдау, кездескен қиындықтарды шешуге көмектеседі, тапсырманы орындауды жақсартудыа арнайы стратегиялар ұсына алады.


CC BY NC

Кәсіби еңбекке баулу сабақтарында зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектер белгілі бір ретпен орындауды талап ететін әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Бұл олар үшін тайм-менеджменттік дағдыларын дамытудың негізгі аспектісі болып есептелетін реттілікті түсінулері үшін көмектеседі. Берілген тапсырмаларды бөліктерге бөлу яғни үлкен тапсырмаларды кішігірім орындауы жеңілдететін қадамдарға бөлу арқылы білім алушы жеткіншектер уақытты басқаруға және тапсырмаларды реттеу арқылы басымдық беруге үйренеді. Мысалы: ағаш өңдеу ісі барысында ағаштарды өңдеу үшін, жоспарлау, өлшеу, кесу, сұлбаны құрастырып, оны әрлеу жұмыстарын қамтиды. Білім алушылар бір уақыт шеңберінде бір қадамнан екінші бір қадамға өтіп тапсырмаларды орындау барысында, реттілікті, уақытты тиімді пайдалана білуге үйренеді.

Кәсіби еңбекке баулу сабақтары барысында зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектер уақытты бағалау үйрене алады. Тапсырмаларды орындау барысындағы іс-әрекеттер көбінесе уақытты белгіленеді, уақытты белгілеу, тапсырманы шектеу уақытын қамтуы, зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің уақыт туралы ұғымдарын дамытады. Кәсіби еңбекке баулу пәнінде педагог тапсырманы орындау үшін дабыл, таймер орнатуы, білім алушылар үшін жұмысты орындау үшін қажетті уақыт көлемін білуге, тапсырманы орындау уақытын дәл анықтауға, алды берілетін тапсырманы орындауға керек уақытты алдын ала болжай отырып, анықтауға яғни тайм-менеджмент дағдыларын дамытуын жақсартады. Уақыт өте келе білім алушылар уақыттарын дұрыс басқара отырып, берілген уақыт көлемінде, уақытты бағалай отырып тапсырманы өздігінен орындауға дағдыланады.

Кәсіби еңбекке баулу сабақтарында зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларны дамытуда ең тиімді тәсілдердің бірі – тапсырмалардың орындау уақытты белгілеген кестелер мен таймерлер ең тиімді құралдар болып табылады. Бұл берілетін нұсқаулар білім алушыларға тапсырмаларды орындауға бөлінетін уақытты визуализациялауға көмек береді. Мысалы: педагог тапсырманы орындау үлгісі мен уақыты белгіленген кестені білім алушыларға көрсетеді. Содан кейін таймерді қажетті уақытқа қойып тапсырманы орындау барысында тапсырманы аяқтауға неше уақыт қалғаны оқушылар таймерден қарау арқылы тапсырманы шұғыл орындау мен сыныптастарымен бәсекелестік сезімінің пайда болуына ынталанады. Бірақ пән мұғалімі тапсырма барысында білім алушылардың тапсырманы, тиянақты дұрыс орындауын қадағалап отыруы маңызды. Себебі зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің көпшілігі берілген тапсырманы орындау барысында ынтасының төмендеуі немесе есте сақтауда қиындықтармен кездесуі мүмкін. Бұл жағдайда ересектер тарапынан психологиялық-педагогикалық қолдау олар үшін аса қажетті болып табылады.

Кәсіби еңбекке баулу сабақтары бағдарламасында берілетін тапсырмалардың басым бөлігі нақты тәжірибелік тұрғыда жүзеге асырылуына байланысты зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуда өте маңызды. Кәсіби еңбекке баулу сабақтарында

CC BY NC

берілетін тапсырмалар арқылы білім алушылар тігін тігу, ауылшаруашылығы еңбектері, ағаш өңдеу, аяқ-киім жөндеу т.б қарапайы еңбек қызметтері меңгеру барысында қалыптасып, дамыған тайм-менеджменттік дағды т.б дағдыларды сыныптан тыс уақыттарда қолдана білетін болады. Яғни кәсіби еңбекке баулу сабақтары тәжірибені қажет ететін өмірлік дағдыларды дамытып, оларды іс-әрекет арқылы жүзеге асырып, дамытып, қолдана алу мүмкіндігін арттырады.

Кәсіби еңбекке баулу сабақтарында зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектер үшін тапсырмаларды уақыттылы орындағаны үшін педагог тарапынан мадақтау, нені әлі де жақсырақ істеуі үшін еңбектену керектігін айтып, үнемі кері байланыс орнатып отыру білім алушылардың өзіне деген және орындаған тапсырмасына деген оң көзқарас қалыптастырып, сенімдідіктерін күшейтеді. Өздеріне деген сенімділікпен атқарған істеріне деген өзіндік оң көзқарас тайм-менеджменттік дағыларының дамуын жақсартуға ынталандырады.

Зияты зақымдалған жеткіншектер үшін кәсіби еңбекке баулу сабақтарындағы тапсырмалар олардың тайм-менеджменттік дағдыларын дамыту мен қатар ынтықмақтастыққа әрі топта жұмыс жасауға баулиды. Олар топпен бірге жұмыс істеу барысында күш–жігерлерін бірге жұмсауға, уақытты бірге ортақтасып басқаруға, тапсырмаларды бірлесе отырып орындау арқылы бір-біріне сенімділік білдіре алады. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің ынтымақтаса бірге жұмыс істеуі тайм-менеджмент дағдыларын дамытуда ең тиімді тәсіл себебі топпен бірлесе жұмыс атқаруы өмірлік жағдайларда ең керекті дағды болып табылады. Біз таңдап алған кәсіби еңбекке баулу пәні жоғарыда сипаттама бергендей зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларының дамуы үшін ең қажетті пән болып саналады. Құрылымдық тәртіптер, тапсырмаларды кезекпен реттілігіне қарай орындау, көрнекі құралдарды пайдалану, тәжірибе жүзінде тапсырманы орындау , топтық жұмыстар зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тәуелсіздікке жетелейтін, сәттілікке жол ашатын тайм-менеджменттік дағдыларын дамыта алатын болады.

Кәсіби еңбекке баулу қоғамдық жүйеде және қоғамдық үрдістерде , әлеуметтік қоғамға бейімделуде кәсіби бағдарлау қызметінде кәсіби еңбекке баулу пәні зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің әлеуметтену білімдерін байытады.

**Нәтижелер.** Зерттеу аясында «Кәсіби еңбекке баулу» пәні аясында ұйымдастырылған өзіндік жұмыстар яғни тәжірибелік сабақтар барысында зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуға арналған арнайы әдістемелік тәсілдер қолданылды. Сабақ құрылымы уақытты тиімді басқару, берілген тапсырманы бекітілген уақытта орындау, зейіндерін шоғырландыру элементтерін қамтыды.

Зерттеудің тиімділгін анықтау мақсатында бастапқы және қорытынды диагностика жүргізіліп, эксперименттік және бақылау топтарыныі нәтижелері салыстырылып, талданды. Экспериментке барлығы 24 білім алушы қатысты, оның ішінде 12-сі эксперименттік топ, 12-сі бақылау тобына іріктеліп алынды.


cc BY NC

Экспериментке қатысушылардың зерттеу нәтижелерін нақты сандық көрсеткіштермен бағалау үшін арнайы тестілеу әдістері мен бағалау шкалалары қолданылды.

Зерттеу көрсеткіштері:

- Тайм-менеджмент дағдыларының деңгейі: балалардың уақытты басқару қабілеті.

- Жоспарлау және ұйымдастыру дағдылары: балалардың тапсырмаларды уақытында орындау, оларды дұрыс жоспарлау қабілеті.

- Зейін қою және шоғырлану: ойын кезінде балалардың зейінін шоғырландырып, уақытты тиімді пайдалануы.

Эксперимент барысында әрбір балаға 10 тапсырма (жеке және топтық) ұсынылады. Әрбір тапсырма үшін максималды ұпай — 10 балл (жоғары ұпай — жақсы нәтиже).

Тапсырманың нәтижесі негізінде балалардың уақытты басқару дағдыларының деңгейі анықталады. Бастапқы диагностика нәтижелеріне сүйенсек екі топтың да уақытты басқару, тапсырмаларды жоспарлау және орындау дағдылары орташа деңгейде болғаны анықталды. Экспериментке дейінгі бастапқы негізгі көрсеткіштер 2-ші кестеде көрсетілді.

Кесте 2. Экспериментке дейінгі жағдайды талдау

| **Көрсеткіш** | **Эксперименттік топ (n=12)** | **Бақылау тобы (n=12)** |
|---|---|---|
| Тапсырмаларды орындау жылдамдығы | 5/10 балл | 6/10 балл |
| Тапсырмаларды дұрыс орындау | 4/10 балл | 5/10 балл |
| Жоспарлау және ұйымдастыру дағдылары | 6/10 балл | 6/10 балл |
| Зейін қою және шоғырлану | 5/10 балл | 6/10 балл |

Эксперименттік зерттеу нәтижелері арнайы ұйымдастырылған тәжірибелік сабақтарда уақытты тиімді басқаруға бағытталған тапсырмалар мен таймерді қолдану білім алушылардың тайм-менеджмент дағдыларын дамытуда оң ықпал ететінін көрсетті. Аталған дағдылардың нәтижелік көрсеткіштері эксперимент қорытындысында 3-кестеде ұсынылған.

Кесте 3. Эксперимент жүргізілгеннен кейінгі жағдайды талдау

| **Көрсеткіш** | **Эксперименттік топ (n=12)** | **Бақылау тобы (n=12)** |
|---|---|---|
| Тапсырмаларды орындау жылдамдығы | 8/10 балл | 6/10 балл |
| Тапсырмаларды дұрыс орындау | 9/10 балл | 7/10 балл |
| Жоспарлау және ұйымдастыру дағдылары | 9/10 балл | 7/10 балл |
| Зейін қою және шоғырлану | 8/10 балл | 6/10 балл |

Алынған сандық мәліметтерге жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде эксперименттік топтың негізгі көрсеткіштерінде оң көрсеткіштер байқалады. Атапа айтқанда, білім алушылардың уақытты тиімді жоспарлау,

тапсырмаларды белгіленген уақытта орындау, зейіндерін шоғырландыру дағдылары күшейді.

**Талқылау.** Жоғарыда алынған нәтижелер «Кәсіби еңбекке баулу» пәні аясында ұйымдастырылған тәжірибелік сабақтардың, әсіресе зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуға бағытталаған мақсатты әдіс екендігін нақтылай түсті. Эксперименттік топтағы білім алушылардың тайм-менеджменттік дағдыларының көрсеткіштерінің статистикалық тұрғыдан айтарлықтай жоғарлауы бұл педагогикалық жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Сандық деректерді салыстыра отырып, талдау нәтижесінде эксперименттік топтың барлық негізгі көрсеткіштері бойынша оң динамиканы байқауға болады:

- Тапсырманы орындау жылдамдығы 5 баллдан 8 баллға дейін өсті, бұл білім алушылардың уақытты үнемдеу дағдылрының дамуында жақсы өзгерістер барын көрсетеді.
- Тапсырмаларды дұрыс орындау деңгейі 4 балладан 9 баллға дейін өсуі, бұл практикалық әрекеттердің сапалық тұрғыдан жақсарғанын айқындайды.
- Жоспарлау және ұйымдастыру дағдылары 6 баллдан 9 баллға дейін өсіп, білім алушылардың өз жұмысын жүйелеу қабілетінің дамығанын айғақтайды;
- Зейін қою мен шоғырландыру көрсеткіштері 5 балладан 8 баллға дейін жоғары көрсеткішке жетуі, бұл білім алушылардың танымдық белсендіктерінің артуын көрсетеді.

Сараптау нәтижесінде бақылау тобында көрсеткіштердің өзгерісіз қалуы немесе эксперименттік топтан төмен деңгейде жақсаруы, дәстүрлі әдістермен ғана шектелуімен деп түсіндіруге болады. Бұл орайда арнайы жоспарланған тәжірибелік сабақтар мен уақытты басқару құралдарын (таймер, жоспарлау элементтері) қолданудың педагогикалық тұрғыдан тиімділігін анық көрсетеді.

Зертеудің нәтижелері әдебиетке шолу бөлімінде атап көрсеткен ғылыми тұжырымдамалар мен сабақтас екендігін көрсетеді. Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің кәсіби еңбек пәні арқылы тұлғалық қалыптасуында маңызды рөлі барын ашып көрсеткен зерттеулермен үндеседі.

Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамыту үшін уақытты жоспарлау және уақытты бақылау құралдарын енгізу -тиімді педагогикалық стратегия екендігі анықталды.

Зерттеу барысында зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларының дамуы арқылы еңбекке деген қызығушылықтарының артуы және өзін-өзі бақылау мен өзін-өзі бағалауларының күшеюі, олардың тұлғалық дамуларында оң өзгерістер барын көрсетеді. Жоғары да, атап көрсеткен тәжірибелік сабақтар арқлы жүзеге асқан интегративті тәсіл (еңбек дағдылары+ уақытты басқару) білім алушылардың кәсіби бағыттылығы мен функционалдық сауттылығын дамытуға негіз болады.

**Қорытынды.** Жүргізілген зерттеу жұмысы «Кәсіби еңбекке баулу» пәні аясында ұйымдастырылған тәжірибелік сабақтар зияты жеңіл зақымдалған



CC BY NC

жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуда тиімділігін көрсетті. Эксперимен барысында уақытты тиімді басқару, жоспарлау, зейін шоғырландыру дағдыларында оң өзгерістер қалыптасты. Аталған дағдылардың дұрыс қалыптасуы бұл күн тәртібін ұстану, тапсырмаларды уақытында орындау қабілеттеріне әсер етеді (B.J. Zimmerman, 2000:13-39). Бұл көрсеткіштердің тұрақты артуы арнайы педагогикалық тәсілдердің, атап айтқанда, уақыт құрылымын нақты белгілеу, таймер қолдану, тапсырманы кезең-кезеңімен жоспарлау және өзін-өзі бақылау элементтерін енгізудің тиімділігін эмпирикалық түрде дәлелдейді. Сонымен қатар зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектер тайм-менеджмент дағдыларын дамытуда дағдысын дамытуда айналасындағы адамдар тарапынан психологиялық-педагогикалық қолдауды қажет етеді (M.L Wehmeyer.et.al., 2004:12-13). Тайм-менеджмент дағдыларын дамыту үшін жоспар құра отырып, күн тәртібімен жүру маңызды. Бірақ зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектер күн тәртібін өздігінен орындауда қиындықтар туындайды (M.C ,Scheithauer.et.al., 2013:198-216) Сол себепті олар ересектердің қадағалап отыруын қажет етеді.

Жоғарыдағы зерттеу нәтижелерін басшылыққа ала отырып, келесідей ғылыми-практикалық тұжырымдарды ұсынуға болады:

1) Зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамытуолардың оқу және еңбек процесіндегі өзіндік ұйымдасуы мен дербестігін артырудың маңызды алғышарты болып табылады.

2) « Кәсәби еңбекке баулу» пәні шеңберінде уақытты басқару құралдарын ( таймер, жоспарлау схемасы) жүйелі қолдану білім алушылардың еңбек дағдыларын тиімді меңгеруі мен жоспарлау және өзін-өзі реттеу механизмдерінің қалыптасуына оң ықпал етеді.

3) Біз зерттеу барысында ұсынған тәсілдер ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың функционалдық сауаттылығы мен кәсіби бағдарын дамыту барысында тайм-менеджменттік дағдыларын дамыту үшін тиімді құрал ретінде тәжірибеге енгізілуі тиіс.

4) Зерттеу нәтижелері арнайы және инклюзивті білім беру сапасын арттыру мен арнайы педагогикалық қолдаудың тиімділігін дамыту бағытында болашақта зерттеулер жүргізудің қажеттілігін көрсетеді.

Осылайша, «Кәсіби еңбекке баулу» пәнін тиімді ұйымдастыру мен уақытты басқару әдістерін біріктіру арқылы зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің жеке әлеуметін ашуға, олардың қоғамға бейімделуіне және құзыреттіліктерін қалыптастыруға жағдай жасауға болады. Нәтижелер құрылымдық әрекеттерді, тәжірибелік жаттығуларды басқада оқу пәндері бағдарламаларына да енгізу, зияты жеңіл зақымдалған жеткіншектердің тайм-менеджменттік дағдыларын дамуын жақсартып, мансаптық дайындықтарын жетілдіріп, әлеуметтік қоғамға бейімделулерін жеңілдетеді деп санаймыз. Болашақта бұл тәсілді кең ауқымды қолдану арнайы және инклюзивті білім беру сапасының дамуына ықпал етеді.

**Әдебиеттер**

Абаева Ғ.Ә., Төребаева К.Ж., Оразаева Г.С., Қартбаева Ж.Ж. (2014) Арнайы педагогика. Қарағанды. — 153 б.

Абаева Ғ.Ә., Ермағанбет Ә.Ы. (2015) Арнайы мектепте мүмкіндігі шектеулі балаларды кәсіби еңбекке даярлау: оқу құралы. Қарағанды. — 5 б.

Гоноболин Ф.Н. (1976) Психология: оқу құралы. Алматы: «Мектеп» баспасы. — 148 б.

Граффин Р. (2018) Менеджмент. Алматы. — 665 б.

Жарықбаев Қ., Озғанбаев Ө. (2016) Қазақ этнопсихологиясына кіріспе: оқу құралы. Алматы: «Астана Медиа Пресс» баспасы. — 131 б.

Қошжанова Г.А. (2017) Зияты зақымдалған оқушылардың еңбек әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы, №1(48). — Б.141.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі №469 бұйрығына 90-қосымшасы (2018) Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 7–9 (10) сыныптар үшін «Кәсіби еңбек » пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы. — 2 б.

Макина Л.Х., Нұрланбекова А.Д., Талпақова С.Б. (2016) Зияты зақымдалған оқушыларды кәсіби еңбекке тәрбиелеу ерекшеліктері. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Арнайы педагогика» сериясы, №2(45). — Б.103.

Намазбаева Ж. (1980) Дефектолог кеңесі. Алматы. — 18 б.

Измайлова Ж.Т., Туралина Г.Б., Абилева С.А. (2012) Олигофренопедагогика негіздері: оқу-әдістемелік құрал. Павлодар: ПМПИ. — 101 б.

Рубинштейн С.Я. (1986) Психология умственно отсталого школьника. Москва. — 25 с.

Шинкаренко В.М. (2009) Трудовое обучение и воспитание учащихся вспомогательной школы. Минск. — 31 с.

Zimmerman B.J. (2000) Attaining self-regulation: A social cognitive perspective. In: Boekaerts M., Pintrich P.R., Zeidner M. (Eds.), Handbook of self-regulation. Academic Press. — P.13–39. *https://doi.org/10.1016/B978-012109890-2/50031-7*

Wehmeyer M.L., Agran M., Hughes C. (2004) Teaching Self-Determination to Students with Disabilities: Basic Skills for Successful Transition. Brookes Publishing. — P.12–13.

Scheithauer M.C., Kelley M.L. (2013) Self-management interventions for increasing homework completion: A review of the literature. Behavioral Interventions, 28(3). — P.198–216.

**References**

Abaeva Ғ.Ә., Tөrebaeva K.Zh., Orazaeva G.S., Қartbaeva Zh.Zh. (2014) Arnajy pedagogika [Special pedagogy]. Karaganda. — P. 153. (in Kaz)

Abaeva Ғ.Ә., Ermaғanbet Ә.Y. (2015) Arnajy mektepte mүmkindigi shekteuli balalardy kәsibi eңbekke dajarlau: oқu құraly [Professional labor training of children with disabilities in a special school: a manual]. Karaganda. — P. 5 (in Kaz)

Gonobolin F.N. (1976) Psihologija: oқu құraly [Psychology: training manual]. Almaty: «Publishing house" school". — P. 148 (in Kaz)

Graffin R. (2018) Menedzhment [Management]. Almaty. — P. 665 (in Kaz)

Zharyқbaev Қ., Ozғanbaev Ө. (2016) Қazaқ jetnopsihologijasyna kirispe: oқu құraly [Introduction to Kazakh ethnopsychology: textbook]. Almaty: «Astana Media Press». — P. 131. (in Kaz)

Қoshzhanova G.A. (2017) Zijaty zaқymdalғan oқushylardyң eңbek әreketin ұjymdastyru erekshelikteri [Features of the organization of labor activity of students with intellectual disabilities]. Bulletin of Abai Kaznpu, series "special pedagogy", No. 1(48). — P. 141 (in Kaz)

Қazaқstan Respublikasy Bilim zhәne ғylym ministriniң 2018 zhylғy 20 қyrkүjektegi №469 bұjryғyna 90-қosymshasy [Appendix 90 to the order of the Minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated September 20, 2018 No. 469] (2018) Standard curriculum of updated content in the discipline "professional labor" for Grades 7-9 (10) for students with mild intellectual disabilities. —P. 2 (in Kaz)

Makina L.H., Nүrlanbekova A.D., Talpaқova S.B. (2016) Zijaty zaқymdalғan oқushylardy kəsibi eңbekke tərbieleu erekshelikteri [Features of professional labor education of students with intellectual disabilities]. Bulletin of Abai Kaznpu, series "special pedagogy", No. 2(45). — P. 103.

Namazbaeva Zh. (1980) Defektolog keңesi [Consultation of a defectologist]. Almaty. — P. 18. (in Kaz)

Izmajlova Zh.T., Turalina G.B., Abileva S.A. (2012) Oligofrenopedagogika negizderi: oқu-ədistemelik қүral [Fundamentals of oligophrenopedagogy: educational and methodical manual]. Pavlodar: PMPI. — P. 101. (in Kaz)

Rubinshtejn S.Ja. (1986) Psihologija umstvenno otstalogo shkol'nika [The psychology of a mentally retarded student]. Moscow. — P. 25 (in Russ).

Shinkarenko V.M. (2009) Trudovoe obuchenie i vospitanie uchashhihsja vspomogatel'noj shkoly [Labor training and education of auxiliary school students]. Minsk. — P. 31. (in Russ).

Zimmerman B.J. (2000) Attaining self-regulation: A social cognitive perspective. In: Boekaerts M., Pintrich P.R., Zeidner M. (Eds.), Handbook of self-regulation. Academic Press. — P.13–39. https://doi.org/10.1016/B978-012109890-2/50031-7. (in Eng).

Wehmeyer M.L., Agran M., Hughes C. (2004) Teaching Self-Determination to Students with Disabilities: Basic Skills for Successful Transition. Brookes Publishing. — P. 12–13. (in Eng).

Scheithauer M.C., Kelley M.L. (2013) Self-management interventions for increasing homework completion: A review of the literature. Behavioral Interventions, 28(3). — P. 198–216. (in Eng).

**Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the «Central Asian Academic Research Center» LLP (Almaty)**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the work described has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the originality detection service Cross Check http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will onh accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

**www: nauka-nanrk.kz**

**ISSN 2518–1467 (Online),**

**ISSN 1991–3494 (Print)**

***http://www.bulletin–science.kz/index.php/en***

Директор отдела издания научных журналов НАН РК *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Ж.Ш.Әден*

Верстка на компьютере *Г.Д.Жадыранова*

Подписано в печать 25.08.2025.

Формат 60х881/8. Бумага офсетная. Печать - ризограф.

37,0 п.л. Тираж 300. Заказ 4.

---

*ТОО «Центрально-азиатский академический научный центр»*

*050010, Алматы, ул. Шевченко, 28, т. 272-13-19*